



**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

(Қазақстан Республикасы, А26М3К5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40-үй)

**« ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ
АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі - Банк) 2025 жылғы 22 қыркүйекте өткен сырттай дауыс беру арқылы Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында қабылданған, 2024 жылға Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді (ISIN KZ000A0LE0S4) хабарлайды:

бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері: 21,00 теңге;

дивидендтерді төлеу басталатын күн: 2025 жылғы 25 қыркүйек;

дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны:

2025 жылғы 23 қыркүйек күнінің басындағы жағдай бойынша (00 сағат 00 минут) (Алматы қаласының уақыты бойынша) дивиденд алуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалатын күн;

дивидендтерді төлеу нысаны – қолма-қол ақшасыз.

Банк акционерлеріне төленуге тиісті дивидендтер сомасы 229 193 967 765,00 теңгеден аспайды.

Құрметті акционерлер, Банк акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесінде сіздің өзекті деректемелеріңіз туралы мәліметтер болмаған жағдайда дивидендтер алу үшін Сіз:

1) тиісті құжаттарды ұсына отырып, Банк акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтерді өзгерту туралы (оның ішінде банк шотының деректемелері туралы) «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ға (бұдан әрі – Орталық депозитарий) мына мекенжайлар бойынша:

Қазақстан Республикасы, 050040/А15Р5В5, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8 үй, 163 тұрғын емес үй-жай (байланыс телефоны: 8 (727) 355 47 60, 262 08 46);

немесе «Қазпошта» АҚ кеңселерінде орналасқан трансфер-агент кеңселеріне; және (немесе)

2) Банктің дербес сервис орталықтарына (олардың тізімі мен мекенжайлары Банктің корпоративтік сайтында <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде), <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде) және <https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram> (ағылшын тілінде) сілтемелері бойынша орналастырылған) хабарласа аласыз.

Бұл ретте брокерлердің клиенттері болып табылатын Банк акционерлері дивидендтер алу үшін номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі өз деректемелерін өзектендіру мәселелері бойынша оларға қызмет көрсететін брокерлерге жүгінуі қажет.

Базалық активі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның жай акциялары болып табылатын Жаһандық Депозитарлық Қолхаттардың (бұдан әрі – ЖДҚ) иелері үшін арнайы ескерту:

ЖДҚ ұстаушыларына дивидендтер төлеу рәсімі туралы ақпаратты The Bank of New York-тан (бұдан әрі - Депозитарий) алуға болады.

Қосымша ақпарат алу үшін ЖДҚ иелері Депозитарийге хабарласа алады:

Мира Даскал ханым, телефоны: +1 212 815 5021, электрондық пошта: mira.daskal@bny.com

The Bank of New York, 10286 U.S.A., Нью-Йорк NY, Гринвич-стрит, 240, 8-қабат.

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу мәселелері бойынша қосымша ақпарат алу үшін акционерлер Топ капиталын басқару департаменті қызметкерлерінің +7 727 330 12 07, +7 727 244 76 94, +7 727 259 03 04, + 7 727 330 15 46, +7 727 259 05 99 байланыс телефон нөмірлері арқылы хабарласуы қажет.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ